

Жыл сайын кем дегенде бір жоба жүзеге асады



(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені, кітапханашылардың өздері де соңғы жиырма жылда тыным таппай АҚШ, Германия, Франция, Норвегия, Швеция сияқты озық технологиялы елдерді аралап, үйреніп, жақсы істердің барлығын жүзеге асырып келеді.

– Соңғы 20 жылда біз жиырмадан аса жобаны іске асырдық. Оның ішіндегі «Орталық аудандық кітапханалардың бірегей ақпараттық жүйесі» жобасын жүзеге асырғанымызды біз мақтан етеміз, – дейді кітапхана директоры Хабиба Ақжігітова, – қазір аудандық кітапханалардың барлығы дерлік компьютерлендірілген және ғаламторға қосылған. Ауыл тұрғындары сол жерлерден-ақ әлемдік интернет байланысына шыға алады.

Әсем әнмен, жарасымды әзілге құрылған бейнефильмдермен өріліп отырған салтанат үстінде ұжым басшысы арнайы шақырылған Қапиза Ыдырысова, Мария Байкенова, Нина Солодовник сияқты ардагерлерге, ұжымның бірқатар үздік қызметкерлеріне алғыс айтып, марапат жасады.

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхана директорының орынбасары Ғалия Бөкейқызы кітапхана директорының орынбасары Бибігүл Шағиева, Раушан Мязова, Шекер Сақыбаева сынды озаттарға Мәдениет министрлігінің Құрмет дипломдарын тапсырды. Зиза Слямова, Балжан Жасубиева, Рахия Уалханова, Күмісхан Оразаева, басқа да көптеген қызметкерлер облыстық мәдениет басқармасының Құрмет грамоталарымен наградталды.

Мерейтой иелерін Астанадан, Семейден, облыс аудандарынан келген қонақтар, өскемендік әріптестері, мәдениет пен өнер тарландары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен оқырмандар құттықтап, шын жүректен шыққан жылы лебіздерін білдірді.

СУРЕТТЕ: Ғалия Бөкейқызы кітапхана директорының орынбасары Бибігүл Шағиеваға Мәдениет министрлігінің Құрмет дипломын тапсырып тұр.

Шығыс-Ақпарат